

Бекітемін:

Педагогикалық кеңестің №1, хаттама №1

шешімімен бекітілген

КМҚК «Жасұлан» Ясли-бақша

менгерушісі: Жеңіс Темирбаева.Э.К

« 25 » тамыз 20 2022 ЖЫЛ



МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ
ӨТПЕЛІ ТАҚЫРЫПТАР НЕГІЗІНДЕ

ортаңғы (3 жастан бастап) «Күншуақ» «Қарлығаш» тобының
2020-2021 оқу жылының сурет бойынша циклограммасы

Бейнелеу өнерінің оқытушысы: Абилжанова З.М
Қасымов М.К

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: сурет

Өтпелі тақырып: «Балабақша» Апталық тақырып: «Менің балабақшам

Қыркүйек айы

ҰОҚ тақырыбы:		Сиқырлы жіптер	
ТОП:	Орта	Қатысқан балалар саны:	
ҰОҚ-нің мақсаты:	балаларға қарандашпен түзу сызықтарды сызуға үйрету.		
Күтілетін нәтиже:	сурет салу үшін қағаз, қарындаштың қажеттілігін; әртүрлі суреттер салуға болатындығын; сызықтар, дөңгелектер салуды.		
Тілдік мақсат:	дөңгелектер, қарындаштар. сиқырлы жіптер – волшебные палочки, дөңгелектер – круги.		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ жауап		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	Ұйымдастырукезеңі Қуыршақ Айсаның суретін көрнекілік етіп алу. Балалар бүгін бізге қуыршақ Айсана қонаққа келіпті. Ол жолда кележатып, сиқырлықорап тауып алыпты. Қорапты алып, сылдырлатады, түстерін сұрайды, ішінашып көрсету. Қораптағы таяқшалардың түстері қандай? (Атап айтыңыз.)		сурет үлгісі, қуыршақ Айсана, қарындаштар.
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Негізгі кезең. Барсиқыр осы қарындаштардың ұшында екендігіне тоқталады. Ұстағышпен ұстап олардың ұшын шығарады. Қарындаштың ұшымен, қатты баспай әдемілеп сызықтар сызуды көрсетеді. Қызыл қарындашпен қызыл түс , көк қарындаш пен көк түс, тағы басқа қарындаштардан басқа түстердің шығатындығын айтады. Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп, түсіндіру. Қарындашты оң қолдың үш саусағы – бас бармақ, сұқ саусақ, ортаңғы саусақпен ұстап, ұшын қатты баспай әртүрлі сызықтар, нүктелер, дөңгелектер сызып, жұмыс жасау жолдарын көрсетеді. Сергіту сәті Оң қолымды көтерем, Оң қолымды түсірем.		

	Сол қолымды көтерем. Сол қолымды түсірем. Оңға қараймын, Аяқты топ-топ басамын, Солға қараймын. Біраз сергіп аламын. Үлестірмелі материалдардағы суретке назарларын аударады. -Айсананың жақсы көретін досы Күлдіргіштің қолындағы шардың жіптері үзіліп қалыпты. Шарлар жеңіл болғандықтан ұшып кетулері мүмкін, сондықтан оларға жіп байлап қоюымыз керек. Балалардың өз бетінше жұмысы. Балалар жұмысқа кіріседі. Қажет болған жағдайда жеке балаға көмек көрсетіледі.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Айсана: –Балалар, бүгін сиқырлы таяқшамен қандай суреттер салдыңдар? Мен сендерге сыйлыққа осы қарындаштарды берейін. Балаларды мадақтау.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: сурет

Өтпелі тақырып: «Балабақша» Апталық тақырып: «Менің балабақшам»

Қыркүйек айы

ҰОҚ тақырыбы:		Жолдағы іздер	
ТОП:	Орта		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	балалардың бояумен сурет салуға қызығушылықтарын арттыру		
Күтілетін нәтиже:	бояудың түрлері, іздердің әртүрлілігі жайында; арақашықтықты сақтай отырып бірдей іздер салуды; қылқаламның ұшын баса отырып бояуды дұрыс пайдалануды.		
Тілдік мақсат:	бояу, іздер. түзу жол – прямая дорога, іздері – следы.		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ жауап		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	Ұйымдастырукезеңі Мысықтың суретін көрнекілік етіп алу. - Мысық қандай жануар? - Мысықтың пайдасы барма? - Мысық туралы не білеміз? Балалар бізге мысық қонаққа келіпті.Мысықты сыйпалап,өзіміздің жылы лебіздерімізді білдірейік. Ол өзімен бірге әдемі бояулар алып келіпті. Олай болса, бояу мен сурет салуды үйренейік.		сурет үлгісі, қылқалам, гуашь, стақандағы су, губка.
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Негізгі кезең Мысық жүгіргенді, секіргенді, ойнағанды жақсы көреді. Ол жүгіріп, жолда іздерін қалдырды.Іздер неге ұқсайды?Бұл іздерді қалай саламыз?Іздердің суретін салуда губканы қолданамыз.Сурет үлгілерімен жұмыс жүргізу. Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп түсіндіру:		

	– түзу жолдар салынған қағазға арақашықтығын сақтай отырып, губканы гуашьқа батырып алып, бірдей мөлшерде іздер салу; – іздерді бір-біріне ұқсатуға көңіл бөлуді тапсыру. Сергіту сәті Еркін ұста дененді, Тарсылдатпай еденді. Орнымыздан тұрып ап, Жүгірейік бір ұзақ, Бір, екі, үш Бір, екі, үш, Аяқты алға созайық. Балалардың өз бетінше жұмысы. Қажет болған жағдайда жеке балаға көмек көрсетіледі.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Педагог қорытынды жасайды. Мысыққа балалармен ойнаған ұнады. Ол барлық балаларда оның іздерінің суреттері дұрыс салынғанына қуанды. Педагог балалардың әдемі сурет салғандарын, біркелкі ізге ұқсатқандарын айтып мадақтау. Балалардың жұмысын талдау. «Мысық пен тышқан» ойынын ойнауды ұсыну.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: сурет

Өтпелі тақырып: «Балабақша» Апталық тақырып: «Менің балабақшам»

Қыркүйек айы

ҰОҚ тақырыбы:		Түрлі түсті ленталар	
ТОП:	орта	Қатысқан балалар саны:	
ҰОҚ-нің мақсаты:	дайын тұрған пішіндері дұрыс бояу дағдысын қалыптастыру.		
Күтілетін нәтиже:	таспалардың әртүрлі болатынын; бояудың түстерін ажыратуды; сызықтардың шетіне шығармай бастырып бояуды.		
Тілдік мақсат:	лента. бау – лента.		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ жауап		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	Ұйымдастырукезеңі Педагог балаларға шаттық шеңберіне тұрғызып,Күндешат, күліп күн, Шаттанамыз бәріміз.Өміріміз көңілді. Мәңгілік достықпен, Мақтанамыз бәріміз,—деп алақандарының жылуын сезініп,бір-біріне шаттық сыйлайды. Балаларға сандықшаның ішінен әр түрлі ленталарды алып көрсету.		сурет үлгісі, қылқалам, бояулар, стақандағы су, сандықша.
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Негізгі кезең - Бұлнезаттар? - Түстеріқандай? - Ұзындықтары, пішіні неге ұқсайды? - Неденжасалған? Бұл–ленталар. Ұзын жолға немесе жолақтарға ұқсайды. Шүберектен жасалған.		

	Түрлі түсті ленталарды ұстап көру үшін таратып береді. Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп, түсіндіру -Енді алдарында тұрған үлестірмелі материалдардағы ленталарға мұқият қараңдар. Бұл ленталар ұзын жолға ұқсайды. -Осы ленталарды қылқаламды бояуға батырып бояйды. – Сурет салу алдында балаларға ұқыптылық ережелерін қайталатады. Сергіту сәті: «Күз» Сарғайды тоғай, Сап – сары маңай. Соңғы әнін айтып, Құскетті қайтып. Балалардың өз бетінше жұмысы. Қажет болған жағдайда жеке балаларға көмек көрсетіледі. Дид ойын: «біздің көрме»	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Педагог қорытынды жасайды. Балалардың жұмыстарын бағалап мадақтау.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: сурет

Өтпелі тақырып: «Балабақша» Апталық тақырып: «Менің балабақшам»

Қыркүйек айы

ҰОҚ тақырыбы:		Сандықты әшекейлеу	
ТОП:	орта		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	балаларға дайын нысандарды әшекейлеуді үйрету		
Күтілетін нәтиже:	қазақтың ою-өрнектері «Құс қанаты», «Толқын» суретін салады; сандықты әшекейлеуді; қылқаламмен сурет салуды.		
Тілдік мақсат:	сандық.крылья птицы – құс қанаты, волна – толқын.		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ - жауап		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру у 5 минут	Ұйымдастыру кезеңі Ойын жағдайы.Педагог балаларға әжесіне баруды ұсынады.Олар неістейтінін талқылайды.Пойызбен баруды шешеді. Паровоз болып тұрады.«Чух-чух-чух»деп дауыс шағарып жүреді. Әжеге келдік.Әже қуана қарсыалады(қуыршақ).Балалар әжемен амандасады.Әже балаларды құстарды көруге шақырады.Құстар ауласының бейнесі көрсетіледі. Педагог құс ауласында қандай құстардың өмір сүретінін,олардың қандай дыбыс шығаратынын сұрайды.Балалар тауық,қораз, қаздар,күрке тауық деп атайды. Педагог: –Барлық балалар өз әжелерін жақсы көреді және сыйлықтар береді.Олай болса,біз әжемізге сандықты әшекейлеп, сыйға тартайық.\		сурет үлгісі, екі түрлі түсті бояулар, қылқалам, стақандағы су.
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып	Негізгі кезең Сурет үлгісі мен жұмыс жүргізу.Сандық қандай геометриялық пішінге ұқсайды? Сандықтың ортасында қандай элемент орналасқан?Құс қанаты қандай түске боялған?Шеттерінде қандай пішіндер		

бойынша жұмыс 17 минут	орналасқан?Түстері қандай? Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп, түсіндіру. Әдемі болу үшін, шеттеріндегі толқындарды көк түспен, құстың қанаттарын қызыл түспен контурдан шықпастан бояу керек. Сергіту сәті: Саусақтары демалып,Қайта сурет салады. Аяқтарым секіріп,Қуаттанып қалады. Педагог үлестірмелі материалдағы суретке назар аударады.Балаларға бояумен қалай сурет салу керектігін түсіндіреді. Балаларға бояумен сурет салған кезде жандарын түріп,бір-біріне кедергі жасамауды ескертеді.Балалармен жеке жұмыс жүргізеді.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Педагог қорытынды жасайды,балаларды ынталандырады. Әжесі қуанады:«Қандай әдемі сандық салып бердіңдер!Маған өте ұнады».Әже балаларға ризашылығын білдірді. Педагог балабақшаға қайтуды еске түсіреді.Балалар әжесімен қоштасады.Паровоз топқа қайта оралады.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: сурет

Қазан айы. Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»

ҰОҚ тақырыбы:		Қуыршаққа арналған сақина	
ТОП:	орта		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	дөңгелек пішінді заттың суретін салып үйрету.		
Күтілетін нәтиже:	өз айналасында көптеген дөңгелек заттардың барлығын; сақинаны әдемілік үшін тағатынын; дөңгелек пішінді сақинаны салуды, оны бояуды.		
Тілдік мақсат:	сақиналар, дөңгелектер. сақина – колечко, қуыршақ – кукла, шеңбер – круг		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ жауап		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II.Ұйымдастыру 5 минут	Ұйымдастырукезеңі – Балалар,мен балабақшаға келе жатқанымда,жолдан сыртқа сәуле шашып жатқан дорба тауып алдым. Бұл бір сиқырлы заттар екен деп алып келдім. Кәне, ішіндеқандай сиқырлы зат бар екенін дорбаны сипау арқылы тауып көрейікші. Балалар сипау арқылы текше, доп, сақина екенін табады. Ойыншықтардың қайсысы домалайтындығын тәжірибе жасау арқылы табады.Бірлесіп қорытынды жасайды:дөңгелек немесе сақина, себебі олар шеңбер тәрізді.		сурет үлгісі, сақиналар бала санына қарай, қуыршақ,ойыншықтар-текше, доптар, гуашь,қылқалам, стақандағы су.
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Негізгі кезең Сурет үлгісімен жұмыс жүргізу.Педагог балаларға сұрақтар қояды. Бұлқандай зат? Пішіні қандай?Түсі қандай?Қалай аталады?Сақинаны кімдер тағады?Неүшін? Сақиналар қандай болады? Алмынау–саусаққа тағатын сақина, оларда шеңберге ұқсайды.Олай болса Айсанаға сақинаның суретін салып берейік. Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп түсіндіру. Балалар, оң қолдарына қылқалам алып ауада дөңгелектер мен сақиналарды салып жаттығады.		

	Балаларға сурет үлгілері таратылып беріледі. Балаларға гуашьпен қалай сурет салу керектігін түсіндіреді. Сергіту сәті Сыңғыр, сыңғыр сырғалар, Құлағымда ырғалар. Оң қолымда білезік, Сол қолымда білезік. Саусақтарда сақина. Сана, салып ақылға, 1.2.3. 1.2.3, Демалайық жинап күш! Балалар жұмысқа кіріседі. Сызықтан шығармай, балалар өздері қалаған бояуларын тандап алып бояйды, ал көзін басқа түспен бояйды. Жеке жұмыстар жүргізіліп балалардың жұмыстарын бақылап көмектеседі. Жұмыс аяқталған соң жұмыс орнын ретке келтіру. Көзге жаттығу жасауды ұсынады. Қорқақ қоян – көздерін кезек-кезек, жиі-жиі жыпылықтатады. Қутүлкі – көздерін сығырайтады, Аю – көздерін үлкенқылыпашады. Қорқақ қоян, қутүлкі, аю сөздерімен сөздік жұмыс жүргізеді.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Педагог қорытынды жасайды. Айсанаға сақиналар және оның әдемі жарқыраған тастарының ұнап тұрғандығын айтады. Сиқырлы дорбаның сиқыры бітпеу үшін әр бала жылы тілектерін айтып, дорбаның аузын мықтап жауып тастауы туралы ұсыныс айтады.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: сурет

Қазан айы. Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»

ҰОҚ тақырыбы:		Біздің көшедегі жол	
ТОП:	орта		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	балалардың қоршаған әлем жайындағы түсініктерін кеңейту, ұқыптылыққа тәрбиелеу.		
Күтілетін нәтиже:	түзу сызықтарды салуды; көше туралы түсінікті; түзу сызықытарды салуды әр түрлі бағытта салуды.		
Тілдік мақсат:	көше, асфальт.жол – дорожка.		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ жауап		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	1.Ұйымдастыру кезеңі Ойынсәті.Педагогбалаларғатышқанның(ойыншық)қонаққакелгенінайтады.Тышқанкөшеніңсуретінкөрсетіп,бізді нкөшедегіжолдыңсуретінсалыпберудісұрайды. Педагогсуретүлгісінкөрсетіп,балаларменәңгімелесіп,сұрақтарқояды;көшедегеніміз не?Олнеүшін керек?		
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Негізгі кезең Тышқанға көмектесу үшін педагог түзу сызықтар арқылы жолдың суретін салудыұсынады.Суретсалужолдарынтүсіндіреді:оңқолғақылқаламдыалып,түрлітүстібояуларменсолдан оңғақарай түзусызықтарды саламыз. Сергіту сәті Саусақтарым дем алып, (орындарынан тұрып)Қайта сурет салады. (саусақтарын қимылдату)Аяқтарым секіріп, (қолдарын белге қою)Қуаттанып қалады.(орындарындасекіру) Педагогүлестірмеліматериалдағысуреткекөңілаударудысұрайды.		

	Көшедегі жолдың суретін дұрыс салуды, қылқаламды үш саусақпен ұстау керектігінескертті.Балаларжұмысқакіріседі.Педагогбалаларменжекежұмыстаржүргізіп,жұмыстарындағалайды жәнеоларғакөмектеседі.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Педагог қорытынды жасайды, балаларды ынталандырады. Балалардыңеңбектерінбағалап,мадақтау. Тышқанбалаларғаәдеміжолақүшінрақметінайтып, қоштасады	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: сурет

Қазан айы. Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»

ҰОҚ тақырыбы:		Бұлт күнді жапты	
ТОП:	орта		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	қоршаған әлемнің сұлулығына эмоционалды және эстетикалық талғамның дағдыларын қалыптастыру.		
Күтілетін нәтиже:	бұлттарды суретін салуды; жаңбыр жауғанда аспанды бұлттар торлайтындығын; тамшыны дөңгелекке,сопақшаға ұқсатып, айналдырып бояуды.		
Тілдік мақсат:	бұлт, күн. бұлт – облако, күн – солнце.		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ жауап		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	Ұйымдастыру кезеңі Педагог күз туралы өлең шумақтарын оқиды:Қарашыкүз келді, күзкелді, Сары алтын жауыпты іздерді.Құс біткен керуен түзеді,Көңілсізненліктен күзенді. Қарабұлт қабағынтүйеді, Бұталар боз қырау киеді.Осы ма, осы ма күз деген,Бақшағабаратыңбізбенен. Педагог иллюстрациялық суреттерді көрсетіп,күз мезгілінде табиғатта абылатын ешеліктер туралы әңгімеледі.Күзде ағаштардың жапырақтары түсіп,айнала сары алтындай болып жататынын, аспандакөп бұлттар болатынын айтады.		сурет үлгісі, гуашь, кылқалам, стақандағы су.
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша	Негізгі кезең Педагог балаларға сурет үлгісін көрсетіп,сұрақтар қояды.Суретте не бейнеленген? Күннің түсі қандай? Бұлттыңше? Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп түсіндіру.		

жұмыс 17 минут	Балаларға үлестірмелі материалды таратып, онда күннің суреті салынғандығын, бүгін осы күннің бетін бұлт жауып тұрған сюжетті сурет салу керектігін айтып түсіндіреді. Бұл суретті салу жолдарын педагог балаларға түсіндіріп, алдымен өзі салып көрсетеді. Сұр және көгілдір түсті гуашьтар езіліп дайындалып қояды. Соны қылқаламмен молқылып алып, тамшылату әдісімен бұлттарды салу әдісі керектігін айтады. Сурет салғанда бояуды тамызып, дөңгелек немесе сопақша бұлттарға ұқсатып салады. Сергіту сәті: Күн ұйықтайды. Күн оянады. Жел соқты. Жаңбыр жауды. Бұлт шатырлады. Күн ашылды. Жел басылды. Балалар жұмысқа кіріседі. Педагог қылқаламды дұрыс пайдаланып бір-біріне кедергі жасамау, бояуды үстілеріне төгіп алмауды ұқыпты жұмыс жасауды ескертеді. Балалармен жеке жұмыстар жүргізу, жұмыстарын қадағалау, көмектесу. Түстерді пайдаланған сайын, қылқаламды сумен жуып, шүберекке сүртіп отырады.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы . Рефлексия 3-минут	Педагог қорытынды жасайды, балалардың бұлттарды әдемі, таза салғандары үшін мадақтайды. Жұмыстарынан ата-аналарына арналған көрме жасап қоятындығын ұсынады.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: сурет

Қазан айы. Өтпелі тақырып: «Менің отбасым»

ҰОҚ тақырыбы:		Алтын күз	
ТОП:	орта		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	қылқаламның ұшымен басып жағуды үйрету		
Күтілетін нәтиже:	күзгі табиғи ерекшеліктерді; орманда әртүрлі ағаштар болатындығын; басып, жағу тәсілімен жапырақтарды салуды.		
Тілдік мақсат:	алтын күз, күзгі жапырақтар. күз – золотая осень, күзгі жапырақтар – осенние листья.		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ жауап		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру у 5 минут	Ұйымдастырукезеңі Педагог балаларға терезе алдына шақырады. Ауладағы ағаш жапырақтарының қалықтап ұшқанын бақылатады. – Педагог: балалар қарандаршы түрлі түсті жапырақтар қалықтап ұшып жер бетіне қоныпжатыр. Жердің бетін әдемі кілем жауып қойғандай. Дидактикалық ойын«Түрлі түсті жапырақтар»(фланелеграфпен). Педагог үстел үстіне түрлі түсті жапырақтар салынған суреттер қояды. Фланелеграфқа бірінші жасыл,кейін қызыл,сары түсті жапырақтарды жапсырады.		сурет үлгісі, күзгі жапырақтар, бейнетаспа, қылқалам, гуашь, стақандағы су.
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс	Негізгі кезең Педагог күзгі жапырақтардың суретін салуды ұсынады. Ол үшін бізге бояу түстері керек. Маған жасыл,қызыл,сары түстерді кім таңдауға көмектеседі?(Балалар таңдайды). Сурет үлгісімен жұмыс. Педагог сұрақ қояды: Суретте не бейнеленген.?		

17 минут	Ағаштың жапырақтарының түсі қандай? Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп түсіндіру. Бұл суретті салу жолдарын педагог балаларға түсіндіріп, алдымен өзі салып көрсетеді. Қылқаламды оң қолдарымен ұстап, дайын суреттерді сары, қоңыр гуашьтарды пайдаланып, қылқаламның ұшын ақырын ғана басып, жағу тәсілімен жапырақтар салу тәсілін көрсетеді. Сергіту сәті: Қарашы күз келді, күз келді. Жапырақ жауыпты іздерді. Құс біткен керуен тізеді, Қарабұлт қабағын түйеді. Балалар жұмысқа кіріседі. Педагог суретті салмас бұрын балаларға жапырақты ауада салуды ұсынады. Әр бейнелейтін дүниенің түсі қанық, әдемі болу үшін балалар әр түсті бояп болған соң қылқаламды сумен жуып, сүртіп қоюға үйренеді.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Педагог қортынды жасайды, балалардың салған суреттерін көріп, күз бейнесін әдемі салғандарын айтады. Жұмыстарынан ата-аналарына арналған көрме жасап қоятындығын ұсынады.	

Тексерілді:  Емышева Н.С.

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: сурет

Қараша айы. Өтпелі тақырып: «Дені саудың жаны сау»

ҰОҚ тақырыбы:		Әдемі көйлек	
ТОП:	орта		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	дәстүрден тыс әдісті пайдалану.		
Күтілетін нәтиже:	Көйлектер әртүрлі болатындығын; Маңайындағы басқа адамдарға көмектесу қажеттігін; қылқалам, саусақтардың көмегімен әдемі көйлекті әшекейлей білуді.		
Тілдік мақсат:	әдемі көйлек. көйлек – платье.		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ жауап		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру у 5 минут	Ұйымдастыру кезеңі Балалар бізге қуыршақ Айсана қонаққа келіпті. Қуыршақ Айсананы досы қонаққа шақырыпты,бірақАйсананың қонаққа киетін әдемі көйлегі жоқекен,соған ренжіп тұр. Педагог балаларды Айсанаға көмек беруге шақырады. Топтағы қыздардың көйлегі қандай екенін сұрап,түстері,өрнектері,ұзын-қысқалығы,әдеміліктері жайында әңгімелеседі. Дидактикалық ойын«Киімді тарату»(фланелеграфта) Педагог фланелеграфқа қызбаламен ұлбаланың салынған суретті қыстырады.Үстел үстінде қызбаламен ұлбаланың киімдері салынған суреттерді таңдап, Ажыратып фланелеграфқа қыстырады.		сурет үлгісі, гуашь, мақталы таяқшалар, қылқаламдар стақандағы су, сұрткіш.
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс	Негізгі кезең Сурет үлгісімен жұмыс. Суретте не бейнеленген?Түсіқандай? Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп,түсіндіру. Педагог балаларға әдемі көйлекті дөңгелектермен әшекейлеу үшін мақталы		

17 минут	таяқшаны, қылқаламды, сұқсаусақтарын пайдалануға болатындығын түсіндіреді. Қылқаламның ұшымен бояуды тамызып, мақталы таяқша арқылы дөңгелек түсіруге болатынын, оны салу жолдарын педагог көрсетіп, балаларға бағыт береді. Сүрткішті дұрыс пайдалануды, бір-біріне бөгет жасамай дұрыс отыруды естеріне түсіреді. Сергіту сәті. Орнымыздан тұрайық. Белімізді жазайық. Жоғары-төмен қарайық, Оңға-солға, түзутұр. Бойымызға күш жинап, Біз демалып қалайық. Балалардың өз бетінше жұмысы. Қажет болған жағдайда жеке балаларға көмек көрсетіледі.	
IV. ҮОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Педагог қорытынды жасайды. Қуыршақ Айсана балалардың әдемі көйлектің суретін салғандарына қуанып, өздерінен қандай өрнекті пайдаланғандарын сұрайды. Досына қалаған көйлекті киіп баратындығына қуанып, рақмет айтып қайтады.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: сурет

Қараша айы. Өтпелі тақырып: «Дені саудың жаны сау»

ҰОҚ тақырыбы:		Кесені әшекейлейміз	
ТОП:	орта		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	балалардың қазақтың ою-өрнектері туралы түсініктерін қалыптастыру.		
Күтілетін нәтиже:	шопандар жыл мезгіліне байланысты қоныс аударып, жазда жайлауда тұратынын; қазақтың әртүрлі ою-өрнектері ішінде «тұмарша» мен «ирексу» өрнектерін жасауды; «тұмарша», «ирексу» өрнектерін салуды.		
Тілдік мақсат:	ою-өрнек, «ирексу», «тұмарша». кесе – пиала.		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ жауап		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	Ұйымдастыру кезеңі Педагог балалардың барлығын «Жүрек жылуы» шаттық шеңберін жасау үшін ортағашақырады. Шеңбер болып тұрып, қолдарынан ұстап, бір-біріне жылулық сыйлайды. Ғажайып сәт: Пошташы Шопан атадан хат әкелді. Кәне бәріміз бірге оқиық: «Сәлеметсіңдер ме, менің балақайларым! Мереке қарсаңында маған көп қонақтар келеді, ал менде әдемі кеселер жоқ. Маған көмектесіңдерші!» Педагог балаларға кесенің түрлерімен таныстырады. Кеседегі өрнек түрлеріне көңілдерін аударады. Тақтаға қазақтың ұлттық ою-өрнектерінің бірнеше түрін («қой ізі», «тұмарша») іліп қойып, неге ұқсайтыны, неге олай аталғаны туралы әңгіме жүргізіп, соның ішіндегі «қой ізі» өрнегі неге оқталады		сурет үлгісі, кесенің түрлері, қылқалам, гуашь, сүрткіш, стақандағы су, кесе түрлері.
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Негізгі кезең Педагог сурет үлгісін көрсетеді. Балаларға сұрақ қояды. Суретте не бейнеленген? Өрнектің түсі қандай?		

	Жұмыстың орындалу тәртібін көрсетіп түсіндіру. Бүгін Шопан атайдың кесесін үлкен, жолақ сызықтардың ішіне «тұмарша», «қой ізі»өрнектерін салып әшекейлеуді ұсынады.Алдымен үшбұрышқа ұқсайтын«тұмарша»өрнегін саламыз. Оны қылқаламды пайдалана отырып жасыл түсті гуашьпен оңнан солғасызықтан шықпай бояймыз. Қылқаламды жуып қызыл түсті гуашьпен«қой ізі» өрнегініңсуретін саламыз, одан кейін қылқаламды жуып жасыл түсті гуашьпен екінші тұмаршаның суретін салып бояймыз.Содан кейін қылқаламды жуып,көгілдір түспен толқынның бейнесін саламыз. Сергіту сәті.Саусақтарым дем алып,Қайта сурет салады. Аяқтарым секіріп,Қуаттанып қалады. Балалар жұмысқа кіріседі.Педагог балалар сурет үлгісіндегі кесенің өрнектерін бояған кезде сызықтан шықпай бояуды ескертеді. Балалармен жеке жұмыстар жүргізіп бақылау жасайды. Сурет салғанда өз орындарын таза ұстап,жұмыс аяқталғаннан кейін орындарын жинастырып коюларын ескертеді.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Педагог балалармен бірлесіп жұмыстарын қорытындылап, өз пікірлерін айтқызады. Балалардың жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастыру.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: сурет

Қараша айы. Өтпелі тақырып: «Дені саудың жаны сау»

ҰОҚ тақырыбы:		Саты
ТОП:	орта	
Қатысқан балалар саны:		
ҰОҚ-нің мақсаты:	түзу сызықтарды салуға үйрету.	
Күтілетін нәтиже:	жануарлардың дауыс ырғақтары әртүрлі болатындығын; сатының жасалу жолдарын; түзу сызықтарды сызу, бір-біріне қосуды.	
Тілдік мақсат:	саты. саты – лесенка.	
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ жауап	
ҰОҚ өтілу барысы		
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет	Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	Ұйымдастырукезеңі Педагог балаларға металлофон музыкалық аспабын тауып алғандығын айтады.Аспапты таяғымен ұрып ойнайды. Солдан оңға, біртіндеп жоғары, оңнан солға біртіндеп төмен музыканы тыңдап,ажыратуға көңіл бөледі. Балала рәр дыбысты естіп анықтайды,жоғары және төмен дыбыстарды сатыға ұқсатып,жүргізіп ойнайды.	сурет үлгісі, қиылған жануарлар суреттері, металлофон, гуашь, қылқалам, сүрткіштер.
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Негізгі кезең Балаларға сатының суреттерін көрнекілікке тіпалу. Сатының түрлерімен таныстыру.Сатының баспалдағының санына,ұзындығына қарай бөлінетіндігін,қолдары жетпеген жерге биікке шығу үшін пайдаланатындығын баяндап береді.Сатыға жануарларды даусына қарай орналастыруды ұсынады(қораз,мысық, күшік,сиыр).Содан соң мойны өте ұзын жануарға – керікке саты салып беруді ұсынады. Жұмыстың Орындалу тәсілін көрсетіп,түсіндіру. Педагог сатыны салу жолдарын түсіндіреді.Балаларға езілген дайын қоңыр гуашьқа қылқаламның ұшын ақырын жартылай батырып, жоғарыдан төмен қарай түзу екі сызықтықатар сызып алуды,содан соң біртіндеп ретімен солдан оңға қарай түзу сызықтар жүргізуді,екі ұзын сызықтың ортасын бір-біріне	

	қосып,қиыстырып сызуды көрсетіп,түсіндіреді.Алдарындағы қаптама ішінде өздеріне таныс жануарлардың суреттері бар екендігін айтып, соны балалардың өз сатыларына дұрыс орналастыруларын сұрайды. Сергіту сәті. Секірейік, секірейік,Ұзын құлақ қоянша. Шаршағанды кетірейік,Боларсонда тамаша. Балалар жұмысқа кіріседі.Педагог жеке жұмыс жүргізеді.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. Кешке ата-аналарына көрсету үшін көрме жасап қоюды ұсынады.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: сурет

Қараша айы. Өтпелі тақырып: «Дені саудың жаны сау»

ҰОҚ тақырыбы:		Жапалақтап қар жауды	
ТОП:	орта		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	балаларды тіс пастасын пайдаланып сурет салуға ықпал ету.		
Күтілетін нәтиже:	қыс мезгілі басталғанда алғашқы қар жауатынын; қар аспаннан жерге қонақтап, жер бетін басып қалатындығын; таяқшамен жағу арқылы қар суретін салуды.		
Тілдік мақсат:	жеңіл ұлпа қар. қар – снег.		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ жауап		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	Ұйымдастырукезеңі. Педагог балаларды терезе алдына шақырып алғашқы жауғанқарды бақылатады. Қысқы табиғат туралы суреттерді тамашалау. Қыс туралы тақпақ оқу:Жапалақтап ала қар Жауды күнде қайталап.Қырға шықты балалар,Шаңғыларын арқалап.Жұлдыз болып ағамыз,Ақмамықтың үстімен. -Қыстың қай мезгілінде қар жауады? -Қар қандай? -Қар жерге қалай түседі? Тыныс алу жаттығулары: жеңілде ұлпа аққарды алақандарына ұстап,дереуеріпкетпесіндеп ұшырып жіберіп, тынысалу. Педагог қысқы орманды салуды ұсынады.		сурет үлгісі, стақандағы су, сүрткіш, тіс пастасы, мақталы таяқшалар.
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Педагог сурет үлгісін көрсетіп жұмыс жүргізеді. Суреттерденен ікөргендерін,айнала қоршаған ортада жыл мезгіліне байланысты болып жатқан өзгерістер жайындаәңгімелеседі. Қысқы орман көріністерін тамашалау. Қыс мезгілі сендерге ұнай ма?Қыстаауа-райықандайболады? Қыста қандай ойын ойнайсыңдар? Жұмысты орындау тәсілін көрсетіп,түсіндіру.		

	Педагог балаларға үлгі сурет салынған парақтар таратады. Сол параққа алғашқы жауып тұрған қарды сүйкеп жағу тәсілімен салғызады. Педагог бұлттардан жапалақтап жауып келе жатқан қарды мақталы таяқшамен тіс пастасына малып, сүйкеп жағу арқылы қардың суретін салады. Сүрткіштерге қолдарын сүртіп, таяқшаларды орнына қояды. Сергіту сәті. Қар жауыпты далаға, Қар жауыпты қалаға. Сырғанаймыз енді біз, Отырып апшанаға. Балалар жұмысқа кіріседі. Педагог жеке жұмыс жүргізеді.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Педагог қорытынды жасайды. Балалардың аяқтаған суреттерін тақтаға іліп қойып, осы әдемі көріністі талқылайды. Аппақ қарға ұқсайтын тістерімізді көрсетіп, бір – бірімізге күлкі сыйлауды ұмытпайық. Ата-аналарға балалардың жұмысынан көрме ұйымдастыру.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: сурет

Желтоқсан айы. Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»

ҰОҚ тақырыбы:		Ұзын құлақ сұр қоян	
ТОП:	орта		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	дөңгелек және сопақша тұратын заттардың пішіндерді үйлестіре білуге үйрету.		
Күтілетін нәтиже:	қоянның дене мүшелерінің атауларын; қоянның дене мүшелерін, немен қоректенетінін; суретті түрлі түсті қарындашпен біркелкі етіп бояуды.		
Тілдік мақсат:	ұзын құлақ сұр қоян. қоян – заяц.		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ жауап		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру у 5 минут	Ұйымдастыру кезеңі. Педагог балаларды шаттық шеңберін жасау үшін ортаға шақырады.Қолдарын созып,бір-бірімен жақсы көңіл күймен амандасады. Педагог жұмбақ жасырады.Ұзын құлақты, жылдам аяқты,Сәбізді жақсы көретін,олне? (Қоян) Педагог иллюстрациялық суреттерді көрсете отырып сұрақтар қояды. Қоян қайда тіршілік етеді?Қоянның құлағы неге ұзын?Қоянды неге сұр қоян деп атайды?		сурет үлгісі, түрлі түсті қарындаштар, қоянның суреті, бояулар, қылқалам, стақандағы су, сүрткіш.
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Негізгі кезең Педагог балаларға сурет үлгісіндегі ұзын құлақ сұр қоянның суретін салуды ұсынады. Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп,түсіндіру. Қоянның дене мүшелерін:басын дөңгелек,денесін үлкен сопақша,аяқтарын кіші сопақша дөңгелектермен сызып салуға болатынын көрсете отырып түсіндіреді. Бірінші қоянның басын саламыз.Қарындашты алып,үлкен сопақша сызамыз,оның астынан кішірек		

	сопақшамен жалғаймыз,бұл қоянның денесі.Одан кейін қоянның Аяқтарын саламыз:қоянның артқы аяқтары,алдыңғы аяқтарына қарағанда ұзынырақ болады: артқы екі аяғы – үлкен сопақшадан, ал алдыңғы аяқтары – оданкішірек болады.Қоянның көзін, аузын, мұртын, ұзын құлақтарын салып аяқтаймыз.Әдемі болу үшін сұр түсті қарындашпен немесе бояумен солдан оңға қарай бояуға болатындығын көрсетеді. Сергіту сәті.Қояным, қояным,Орныңнан тұра ғой.Айнаға қарашы, Шашыңды тарашы.Бетінді жушы,Қолыңды жушы,Орныңда секірші!Секір-секір-секір! Балалар жұмысқа кіріседі.Педагог жеке жұмыс жүргізеді.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Педагог қорытынды жасап “қандай әдемі қояндар” деп балаларды мадақтайды. Балалардың жұмыстарынан көрме ұйымдастырып, өздеріне бағалатып, пікірлерін айтқызады.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: сурет

Желтоқсан айы. Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»

ҰОҚ тақырыбы:		Қуыршақтың мойынорағышы	
ТОП:	орта		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	балаларға біздің өлкенің байлықтары туралы алғашқы түсініктерді қалыптастыру.		
Күтілетін нәтиже:	қуыршақ киімдерінің атауларын; мойынорағыш салуды; бояу қарындашпен біркелкі бояуды.		
Тілдік мақсат:	мойынорағыш, жүн мойынорағыш – шарф.		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ жауап		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру у 5 минут	Ұйымдастыру кезеңі. Педагог балаларды шаттық шеңберін жасау үшін ортағашақырады. Балалар бір-біріне күлімсірей қарап көтеріңкі көңіл күй сыйлайды. Кішкене әдемі сандықшаны алып,балаларды оныңішіндегі қуыршақ Аяланың киімдерімен түсіндіреді.Тон–қысты қкиім,көйлек–жаздық киім.Демек,Аяланың мойын орағышы жоқ.Педагог әдемі мойын орағыштың суретін салуды ұсынады.		сурет үлгісі және қуыршақ Аяла, жыл мезгілдеріне арналған қуыршақ киімдері, қылқалам, бояу, стақандағы су, сүрткіш.
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Негізгі кезең Педагог балаларға қуыршақ Аялаға далаға шығу үшін мойынорағышын дайындапберуді ұсынады. Суреттің дайын үлгісіне назарларын аударып, мойынорағыштың әр түсті жолақтардан тұратынын айтады. Жолақтардың түсін атайды. Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп,түсіндіру. Қылқаламды алып, стақандағы суға қылқаламның ұшын ақырын жартылай батырыпаламыз.Қылқаламның		

	ұшын бояуға салып, жолақты сары түспен бояймыз, басқа жолаққа тигізбей, қылқаламды ақырын солдан оңға қарай жүргіземіз. Сергіту сәті: Тербеледі ағаштар, Алдымнан желесті, Кіп-кішкентай балалар Үлкен болып өседі. Мойын орағышты әдемілеп салуды және ұқыптылық ережелерін сақтауды үйрету қажет. Балалармен жеке жұмыс жүргізу. Балалардың жұмыстарын бақылап, көмектесу.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Педагог қорытынды шығарып, балалардың жұмыстарын мадақтайды. –Балалар, сендер салған мойын орағыштар қуыршақ Аялаға ұнайды. «Қуыршақты киіндір» дидактикалық ойынын ойнатады. Ойынның шарты: Қуыршақты киіндіреді және қандай киім кигендерін айтады.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: сурет

Желтоқсан айы. Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»

ҰОҚ тақырыбы:		Сылдырмақ	
ТОП:	орта		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	балалардың қоршаған әлем жайындағы түсініктерін кеңейту, өздерінің сүйікті ойыншықтарын салу қызығушылықтарын артыру.		
Күтілетін нәтиже:	сылдырмақтың не үшін қажет екендігін; ойыншықтар жайында түсініктерін тереңдетеді; қарындашпен дөңгелек пішінді салуды.		
Тілдік мақсат:	сылдырмақ. сылдырмақ – погремушка.		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ жауап		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	Ұйымдастыру кезеңі. Ғажайып сәт. Үстел үстіндегі әдемі қорапты алып, балалардан сұрайды: -Бұл қорапты кім әкелді екен? Кәне, қорапта не бар екенін көрейік. Қорап ішінен сылдырмақты тауып алады. Педагог Ж. Смақовтың «Сылдырмақ» атты өлең шумағын оқиды. Сылдырмақ сылдырлап, Бесікте тұрады. Бөпешім былдырлап, Сылдырмақ ұрады. Бас салып, қолға алып, Ауызға салады. Сол кезде сылдырмақ Сөйлемей қалады. (сылдырмақты сылдырлатып көрсету) - Өлең шумағы не жайында айтылған? - Сылдырмақпен қалай ойнауға болады? Педагог сылдырмақты алып балаларға таратады. Сылдырмақ қалай дыбыс шығаратынын тыңдатады. Кімде қандай сылдырмақ бар? Сылдырмақтың түсі, пішіні қандай? Олар қандай дыбыс		

	шығарады.? Сылдырмақ – кішкентай сәбилерге арналған ойыншық. Педагог кішкентай топтың сәбилеріне сылдырмақтың суретін салуды ұсынады.	
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Негізгі кезең. Педагог суретүлгісін көрсетіп, сурет салу жолдарын түсіндіреді. Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп, түсіндіру. Қарындашты үш саусақпен ұстап, солда ноңға қарай жүргізу арқылы шеңбердің суретін саламыз. Балаларға осы сылдырмақтың ішіне белгілі ретпен дөңгелектер сызу керектігін оларды өз қалауы бойынша түрлі түсті қарындаштармен бояйтындықтарын айтады. Сергіту сәті: Қолымызда сылдырмақ, Сылдыр- сылдыр етеді. Аяғымыз тыпылдап, Өзі билеп кетеді. Тып, тып, тып, тып, Тықылдатып бигешық. Балалар жұмысқа кіріседі. Педагог сурет салуда балалардың іс-әрекет барысын бақылап көмектеседі. Сылдырмақ кішкентай баланы қызықтыратындай әдемі болуы үшін әшекейлеу керек екендігін түсіндіреді.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Педагог қорытынды шығарып, балалардың жұмыстарын мадақтайды. Сурет салған кезде қандай түстерді пайдаландындар? Кішкентай балалар біздің сыйлықтарымызға қуанатын болды. «Ойыншықтар қандай пішінге ұқсас» ойынын ойнатып қорытындылайды.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы


Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: сурет

Желтоқсан айы. Өтпелі тақырып: «Менің Қазақстаным»

ҰОҚ тақырыбы:		Шырша ойыншықтары	
ТОП:	орта	Қатысқан балалар саны:	
ҰОҚ-нің мақсаты:	көркем материалдар мен құралдарды таңдау дағдыларын қалыптастыру.		
Күтілетін нәтиже:	шыршаны әшекейлеуді; Жаңа жыл мерекесі туралы түсінікті; мақта оралған таяқшамен немесе қылқаламмен дөңгелек ойыншықтар салуды.		
Тілдік мақсат:	әшекей,моншақ. шырша – ёлка, ойыншықтар – игрушки, моншақ – бусы.		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім			
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II.Ұйымдастыру 5 минут	Ұйымдастыру кезеңі. Педагог балаларға қонаққа орманнан тиін келгендігін айтады. Тиін: ормандағы аңдар Жаңа жыл мерекесін ұйымдастыратындығын хабарлады. Тиін балалардың балабақшада Жаңа жылды қалай өткізетіндігін білгісі келеді. Балалар педагогтің көмегімен Жаңа жыл мерекесі жайлы, мерекеге Аязата мен Ақшақар келетіндігі жайлы айтады. Бұл мерекеде балалар әртүрлі ертегі кейіпкерлерінің костюмдерін киіп, өз өнерлерін көрсететіндігін, оларға Аязата сыйлықтар беретіндігі жайлы түсіндіреді. Тиін ормандағы шыршаны безендіргісі келетіндігін айтады. Педагог балалардан тиінге шыршаны безендіріп беруге көмектесулерін сұрайды.		сурет үлгісі, шырша, ертегі кейіпкерлері, мақталы таяқшалар,бояулар, қылқаламдар, стақандағы су, сүрткіш.
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Негізгі кезең Педагог сурет үлгісін көрсетеді. Суретте не бейнеленген, шыршаның түсі қандай, қандай ойыншықтармен безендірілген? Шырша ойыншықтарының түсі әртүрлі болатынын айтады. Дөңгелек Ойыншықтарды мақта оралған таяқшамен немесе қылқаламмен салу тәсілін көрсетеді. Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп, түсіндіру.		

	Қылқаламды алып, стақандағы суға қылқаламның ұшын ақырын жартылай батырып аламыз. Қылқаламның ұшын бояуға салып, дөңгелек ойыншықтарды сары түспен бояймыз. Басқа дөңгелектерді салу үшін қылқаламдарды жуып аламыз. Педагог бояумен сурет салу жолдарын еске түсіреді. Сергіту сәті: Аспан жерге төгеді, Ақ күмісін уыстап. Жаңа жыл да келеді, Бізге қарай жылыстап. Балалар жұмысқа кіріседі. Педагог жеке жұмыстар жүргізеді.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Педагог қорытынды шығарып, балалардың жұмыстарын бағалап, мадақтайды. Педагог балалармен бірлесіп жұмыстарын қорытындылап, өз пікірлерін айтқызады. Балалардың жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастыру. Педагог тиіннің балаларға шырша безендіруге көмектескені үшін риза екенін айтады. Балаларға мерекеге арнап жаттаған тақпақтары мен өлеңдерін айтқызады.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Бекітемін:
Педагогикалық кеңестің №3, хаттама №3
шешімімен бекітілген
«Жасұлан» бөбекжайы» КМҚК
меңгерушісі:  Темирбаева.Э.К



МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ
ӨТПЕЛІ ТАҚЫРЫПТАР НЕГІЗІНДЕ
ортаңғы (3 жастан бастап) «Күншуақ» «Қарлығаш» тобының
2020-2021 оқу жылының сурет бойынша циклограммасы

Бейнелеу өнерінің оқытушысы: Абилжанова З.М
Касимова М.К

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: сурет

Қаңтар айы . Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»

ҰОҚ тақырыбы:		Қысқы шыршалар	
ТОП:	орта		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	балалардың дәстүрден тыс сурет салу іскерлік дағдыларын жетілдіру.		
Күтілетін нәтиже:	қыста ағаштардың қар жамылатынын, қардың ағаштарға пайдасын; қыста ағаштың жапырақтары болмайтынын; мақта оралған таяқшамен сүйкей жағу арқылы қардың суретін салуды.		
Тілдік мақсат:	қар жамылған, мамықтай ұлпа. шырша – ёлка, қыс – зима, қар – снег.		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ жауап		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II.Ұйымдастыру 5 минут	Ұйымдастыру кезеңі. Педагог қыс мезгілінің ерекшеліктеріне көңіл аударып, балаларды терезеден қар жамылған ағаштарды бақылауға шақырады. Қар ағаштарды аяздан қорғайды. Далада қыс мезгіліндегі қандай өзгерістер болғанын әңгімелетеді.		сурет үлгісі, қылқалам, бояулар, мақталы таяқша, тіс пастасы.
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Негізікезең. Балаларға қысқы орман көрінісін сурет арқылы көрсетіп, қыста қалың қар жауатындығын, күн суық, аяз болатындығын айтып түсіндіру. Қар қай мезгілде жауады? Қардың пайдасы бар ма? Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп, түсіндіру. Педагог сурет үлгісін көрсетіп жұмыстар жүргізеді. Тіс пастасын пайдаланып, мақта оралған таяқшамен сүйкей жағу тәсілімен ағаштардың қар жамылған көрінісін бейнелейді. Қылқаламды бояуға батырып алып, сүйкей жағу тәсілімен салуға да болады. Негізгі көрініс аясын (фон) көкшіл түспен бояуға болатынын айтылады. Ал қар басқан жотаны бейнелеу үшін, тіс пастасын пайдалану ұсынылады. Сергіту сәті:		

	Далааппақ, жапалақтап, Қар жауып тұр тынбастан. Қалың орман қар жамылған, Маужырайды түнгі аспан. Балалар жұмысқа кіріседі. Педагог жауған қарды ауада бейнелеуді сұрайды. Балалар жауған қарды саусақпен немесе мақталы таяқшамен ауада көрсетеді. Жек ежұмыс тар жүргізіліп, балалардың жұмыстарын бақылап көмектеседі.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Педагог балаларға қысқы орман көрінісінен алған әсерлерін, қыс туралы өлең, тақпақтарды айтқызады. Балалардың салған суреттерін тақтаға іліп, бірге талдау жасайды. Ағаштардың пайдасы жайында қысқаша әңгімелеп, қорытындылайды.	

Тексерілді:  Емышева Н.С.

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: сурет

Қаңтар айы . Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»

ҰОҚ тақырыбы:		Қоянға арналған сый	
ТОП:	орта	Қатысқан балалар саны:	
ҰОҚ-нің мақсаты:	жеміс –жидектердің суретін салуды дығдыландыру. Сопақ және дөңгелек заттардың суретін салуға, олардың көркемдік сипатын бейнелеуге үйрету.		
Күтілетін нәтиже:	қоянның сәбізді жақсы көретіндігін; алма мен сәбіздің суретін салуды; бояуды біркелкі түсіруді.		
Тілдік мақсат:	сәбіз, алма. сәбіз – морковь, алма – яблоко.		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ жауап		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II.Ұйымдастыру 5 минут	Ұйымдастыру кезеңі. Педагог Қоянның балаларды туған күніне шақырғанын хабарлады. -Туған күнге не сыйлайды? (сыйлықтар) -Қоянға қандай сыйлық сыйлаймыз? -Ол нені жақсы көреді? Олай болса қоянға арналған сыйлығымыздың суретін салайық. Балаларға шынайы сәбіз бен алманы көрсету. Олардың түсіне пішініне көңіл аудару. Сәбізді күнделікті өмірде тағам ретінде пайдаланатындығы жайында әңгімелейді.		сурет үлгісі, сәбіз, алма, қарындаштар.
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Негізг ікезең Педагог сурет үлгісін көрсетіп,жұмыстар жүргізеді.Суретте не бейнеленген?Көгөністің түсі қандай? Алма қандайпішінге ұқсайды? Сәбіздің пішіні қандай? Балаларғасұрақтарқояды. Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп,түсіндіру. Балаларға қоянға арналған әшекейлерді салып беруді ұсынады.Олардың әшекейісәбіз бен алмалардан тұратындығын сурет арқылы көрсетеді. Жіпке тізілген алмалар менсәбіздерді санатуға, олардың түсін анықтатуға болады. Алма мен сәбіздің пішініне талдау жасалынады.Оларды сызу тәсілі қай жерінен баста керектігі,қолды қалай ұстау керектігі түсіндіріледі. Педагог қарындашпен тегіс бояу тәсілін еске түсіреді. Жіптің сурет үлгісі		

	таратылып беріледі.Педагог осы жіптің ұзын бойын толтырып әшекейлеуді тапсырады. Сергіту сәті: Ұзын құлақ, сұр қоян,Естіп қалып сыбдырды. Ойлы, қырлы жерлерден,Ытқып-ытқып жүгірді. Қарап еді артына, Қиығын салып көзінің.Келе жатқан томпаңдап,Көжегіекен өзінің. Балалар жұмысқа кіріседі, алдымен бірінші қатарғасәбізді, екінші қатарға алманысалып шығады.Оларды қызғылт сары және қызыл түсті бояу қарындаштарды пайдаланып,шетіне шығармай бояйды.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Педагог қорытынды жасайды. Қоянға қандай әшекей салдыңдар? Түстері қандай? Сендердің қоянға жасаған әшекейлерің маған өте ұнады. Жұмыс жасаған орындарын жинақтауға шақырады.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: сурет

Қаңтар айы . Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»

ҰОҚ тақырыбы:		Құстар	
ТОП:	орта	Қатысқан балалар саны:	
ҰОҚ-нің мақсаты:	балалардың құстар туралы түсініктерін кеңейту, заттарды бояу дағдыларын жетілдіру.		
Күтілетін нәтиже:	құстарды қорғап, қамқорлық жасау керектігін; құстардың көктемгі тіршілігі жайындағы түсініктерді; құстың суретін сызықтың сыртына шығармай біркелкі бояуды.		
Тілдік мақсат:	құстар, торғай. құс – птица, торғай – воробей.		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ жауап		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	Ұйымдастыру кезеңі. Педагог балаларды шаттық шеңберіне шақырып, құстардың сайраған дауысын тыңдатады. Құстар біздің досымыз! Құстардың біз досымыз. Ұшып жүрсе аспанда, Сыр түйеді жас жанға! Құстардың жылы жақтан келуі, балалардың құстарға арнап ұя жасап жатқан суреттерін көрсете отырып құстардың қысқы тіршілігі туралы әңгімелейді. Балаларға құстардың қалай ұшатынын, дыбысын, қимыл-қозғалысын көрсетеді. Құстарды қорғап, қамқор болу керектігін түсіндіреді.		сурет үлгісі, түрлі түсті қарындаштар, құстардың дауысы жазылған диск.
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Негізгі кезең Педагог сурет үлгісін көрсетіп жұмыстар жүргізеді. –Құста не бар? Пішіні қандай? Дайын сурет үлгісі бойынша құстардың денесі сопақша, дөңгелекке, тұмсығы, қанаттары, құйрығының үшбұрышқа ұқсайтындығын түсіндіреді. Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп, түсіндіру. Торғайдың бейнесін ауада салып көрсетеді. Алдымен сопақша, денесін, одан кейін дөңгелек басын саламыз. Қанаттары жартылай сопақша. Құйрығы, тұмсығын үшбұрышқа ұқсатып саламыз. Көздерін, аяқтарын салып аяқтаймыз. Бояу қарындашпен тегіс, біркелкі бояу тәсілін көрсетеді. Сергіту сәті: Торғай болып ұшайық,		

	Ұшып-ұшып алайық, Бүркіт болып аң аулап, Қыран құс боп самғайық. Балалар жұмысқа кіріседі. Жеке жұмыстар жүргізіліп, балалардың жұмыстарын бақылап көмектесу.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Педагог қорытынды жасайды. Балалардан қазір жылдың қай мезгілі екендігін, қандай құстарды білетіндерін сұрайды. Құстарға әрдайым қамқор болу керектігін айтады.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: сурет

Қаңтар айы . Өтпелі тақырып: «Табиғат әлемі»

ҰОҚ тақырыбы:		Қар кесегі	
ТОП:	орта		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	балалардың қыс мезгілі, қар туралы түсініктерін кеңейту, дәстүрден тыс сурет салу техника дағдыларын қалыптастыру.		
Күтілетін нәтиже:	қыс мезгіліндегі табиғаттағы құбылыстарды; қардан әртүрлі бейнелер жасауға болатынын; сұқ саусақпен қар кесегін салуды.		
Тілдік мақсат:	қар кесегі. қардың кесегі – комочки снега.		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ жауап		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	Ұйымдастыру кезеңі. Балаларды шаттық шеңберіне шақырады. Ғажайып сәт: Педагог: Үстел үстінде себет неге тұр? Онын ішінде не бар? Жұмбақтың жауабын шешсе, себет ішінде не бар екенін біледі. Қыста ғана болады, Ұстасаң қолың тонады. Ол не? (Қар) Педагог себет ішіндегі қағаздан жасалған қар кесектерінен қар лақтырып ойнауды ұсынады. Ойнаған соң, қар кесектерін себетке жинайды. Педагог балаларға сұрақтар қояды? -Жылдың қай мезгілінде қармен ойнауға болады? -Қардың түсі қандай? -Олай болса, бүгін біз қар кесегінің суретін салуды үйренеміз.		сурет үлгісі, тіс пастасы,мақталы таяқша, қағаздан жасалған қар кесегі.
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Негізгі кезең. Педагог сурет үлгісін көрсетіп жұмыстар жүргізеді. -Суретте не бейнеленген? -Балалар не істеп жүр? -Қар кесегі неге ұқсайды? -Қар кесегі қандай геометриялық пішіндерді еске түсіреді? Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп, түсіндіру. Педагог балаларға сурет үлгісін таратады. Берілген материалдағы дайын фонға мақталы		

	таяқшаны тіс пастасына батырып қар кесегінің бейнесін салуды ұсынады. Қарды көп салып, үлкен қар үйіндісін жасауды ұсынады. Сергіту сәті: Ақ көрпесін жапты да, Аяз кенет аптыға, Айналаны үрледі, Ақ бораны гуледі. Балалар жұмысқа кіріседі. Педагог жеке жұмыстар жүргізеді.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Педагог қорытынды жасайды. Балалардың салған суреттерін тақтаға іліп, әдемі салынғандарына тоқталып, өздерінен қалай салғандарын сұрап қортындылайды. Тыныс алу жаттығуларын жасауды ұсынады. Қыста күн суық қар кесегін жасағанша қолымыз тоңып кетеді. Кәне жылыну үшін үрлейік.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Бекітемін:
Педагогикалық кеңестің №3, хаттама №3
шешімімен бекітілген
«Жасұлан» бөбекжайы» КМҚК
менгерушісі:  Темирбаева.Э.К.

**МЕКТЕПKE ДЕЙІНГІ ТӘРБИЕ МЕН ОҚЫТУДЫҢ ҮЛГІЛІК ОҚУ БАҒДАРЛАМАСЫ
ӨТПЕЛІ ТАҚЫРЫПТАР НЕГІЗІНДЕ**

ортаңғы (3 жастан бастап) «Күншуақ» «Қарлығаш» тобының
2020-2021 оқу жылының сурет бойынша циклограммасы

Бейнелеу өнерінің оқытушысы: Кузеубаева Г. К

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: сурет

Ақпан айы. Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем»

ҰОҚ тақырыбы:		Аққала	
ТОП:	орта	Қатысқан балалар саны:	
ҰОҚ-нің мақсаты:	балалардың қыс мезгілі және қысқы ойындар үлкен-кіші дөңгелектерді салу ,туралы түсініктерін кеңейту.		
Күтілетін нәтиже:	қыста болатын өзгерістер жайлы; аққаланы үлкен-кіші дөңгелектерді қосу арқылы салуға болатындығын; қылқаламмен дайын дөңгелектердің ішін сызықтан шығармай бояуды.		
Тілдік мақсат:	аққала. аққала – снеговик.		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ жауап		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II.Ұйымдастыру 5 минут	Ұйымдастыру кезеңі Балаларға қыс көрінісі туралы бейнетаспадан тамашалату. Аққала туралы жұмбақ жасыру. Мені ешкім өсірген жоқ, Мені қардан жасаған. Мұрным сәбіз, ернім ағаш Аппақ қармын, мәссаған! (Аққала)		сурет үлгісі, бояулар, қарындаштар, қылқалам, стақандағы су, сүрткіш.
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Негізгі кезең Педагог қыс мезгіліндегі ауа райына тоқталады. Балалармен «Қыс қызығы» суреті бойынша әңгіме жүргізеді. Қыста ауа-райы қандай болады? Қыс мерзімі сендерге ұнай ма? Қыста қандай ойын ойнайсындар? Сендер таза ауаға шыққанда аққала жасадыңдар ма? Сұрақтарға жауап берген соң, педагог балаларға бөлмеде тығылып тұрған ойыншық аққаланы		

	көзбен іздеп табуды ұсынады. Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп, түсіндіру. Педагог сурет үлгісін көрсетіп жұмыстар жүргізеді. Балаларға аққаланың суретін салу жолдарын түсіндіріп көрсетеді. Алдын ала дайындалып, езілген көгілдір бояуға қылқаламның ұшын ақырын жартылай батырып, дөңгелектің ішін сызықтан шығармай бояуды тапсырады. Аққаланың мұрнын қызғылт сары түспен, көздерін қара түспен бояу тәсілін көрсетеді. Сергіту сәті: Ауыл алды аққала, Ақша қарда балалар. Соғып жатыр аққала Жалқауы жоқ жұмысқа. Балалар жұмысқа кіріседі. Педагог сурет салмас бұрын ауада үлкен кіші дөңгелекті бейнелеу ұсынады. Жеке жұмыстар жүргізіп, көмектеседі.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Педагог қорытынды жасайды. Ең мейрімді көңілді аққаланы табуды ұсынады. Аққала өзінің ризашылығын білдіреді. Аққаланы кім тез құрастырады ойынын ұйымдастырады.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: сурет

Ақпан айы. Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем»

ҰОҚ тақырыбы:		Менің мәшинем	
ТОП:	орта	Қатысқан балалар саны:	
ҰОҚ-нің мақсаты:	дөңгелек пішінді заттарды салу дағдыларын кеңейту.		
Күтілетін нәтиже:	мәшинелердің әртүрлі болатындығын; түрлі геометриялық фигуралар жайлы алғаш түсініктерді; үзік сызықтарды қосу арқылы мәшиненің суретін салуды.		
Тілдік мақсат:	мәшине. машина – мәшине.		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ жауап		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	Ұйымдастыру кезеңі. Педагог балаларды көліктер туралы бейнетаспамен таныстырады. Көліктер жайлы өзойларынайтқызу.Жұмбақ жасыру. Төртаяқты,екікөзді,Өзіжансызжүреді. Отпенмайданжемібар, Құрыш болатжүрегі. (Мәшине) Педагогмәшиненібалаларға көрсетіп,сұрақ қояотырып,әңгімегетартады. Сендер балабақшаға қандай көлік түрлерімен келесіңдер?Көліктердіңқандайтүрлерін білесіңдер? Көліктердінадамдарүшінпайдасыбарма? Балаларғажеңілкөліктүрлерініңсуретінкөрсетіп,пішінінеталдаужасатады.(Төртбұрыштықорап тәріздес,терезелері, дөңгелектері,рулі, есіктері бар) Адамдарүшінмәшиненіңқандайпайдасыбарекендігінтүсіндіреді.		сурет үлгісі, мәшине суреті, бояулар, қылқалам, стақандағы су, сурткіш, қарындаштар.
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып	Негізгі кезең Педагог сурет үлгісін көрсетіп жұмыстар жүргізеді. Суретте не бейнеленген?		

бойынша жұмыс 17 минут	Мәшиненің түсі қандай? Дөңгелегінің пішіні қандай? Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп, түсіндіру. Мәшинені қалай бояу керектігін көрсетіп, түсіндіреді. Қылқаламды солдан оңға қарай сызықтан шықпай бояуды көрсетеді, одан кейін дөңгелегін салады. Қарындашты алып, айналмалы қозғалыспен солдан оңға шеңберді саламыз. Алдымен үлкен шеңбер, ішіне кішкентай шеңберді саламыз. Қылқалам ұшын бояуға матырып, дөңгелекті басқа түспен бояймыз. Сергіту сәті: Балалар орындыққа отырады. Педагог балаларға ойыншық рульдер таратады. Түзу отырып рульді ұстайды. Команда береді: рульді оңға бұрамыз, солға бұрамыз, белгі береміз: “би – би – бип” тоқта, мәшине! Балалар жұмысқа кіріседі. Педагог жұмыс барысында жеке нұсқаулар беріп, жұмысқа жалпы басшылық жасайды.Қиналып отырған балаларға көмек көрсету.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. Қызықтыру үшін «Жүргізуші» сюжеттік-рөлдік ойынын ойнатып, оқу қызметін қорытындылайды.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: сурет

Ақпан айы. Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем»

ҰОҚ тақырыбы:		Тікенекті кірпі	
ТОП:	Ересек	Қатысқан балалар саны:	
ҰОҚ-нің мақсаты:	балаларға қол жетімді құралдармен қарапайым суреттерді салуды үйрету.		
Күтілетін нәтиже:	тікенекті кірпі туралы түсінікті; достардың әрқашан бір-біріне көмектесуі қажет екендігін; үзік сызықтарды қосып, қысқа, тұзу сызықтарды сызу арқылы кірпіні салуды.		
Тілдік мақсат:	тікенекті кірпі.кірпі – ежик, тікенекті– колючий.		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ жауап		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	Ұйымдастырукезеңі. Балаларғакірпітуралыжұмбақ жасыру. Бір мақұлық бар екен төрт аяқты, Таңыпты арқасына мың тікенді. Ашуланса аяқ-қолын көрсетпейді Көресіңкөзіңсалсаңғажайыпты. (Кірпі) Педагог балаларға иллюстрациялық суреттерді көрсете отырып, кірпі туралы,оныңтіршілігі және оның ерекше тікенектері арқылы жауынан қорғанатыны жайлыәңгімелепайтады.Бүгінгіоқуқызметіндетікенектікірпінінсуретінсалудыұсынады.		сурет үлгісі, ормандағы кірпінің суреті, түрлі түсті қарындаштар.
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Негізгі кезең Педагог сурет үлгісін көрсетіп, жұмыстар жүргізеді. Суретте не бейнеленген. Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп, түсіндіру. Балаларға сурет салуға арналған, бейнеленген кірпі үлгісі бар парақтарды таратып береді. Педагог тік сызықтардың арақашықтығын біркелкі болуына назарларын аударады. Сергіту сәті:		

	Ал, балалар, тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. Оңға қарай иіліп, Солға қарай иіліп, Жоғары-төмен қарайық, Орнымызды табайық. Балалар жұмысқа кіріседі. Сурет кірпінің тікенекшелерін ауада бейнелеу. Педагог жұмыс уақытында қарандашты дұрыс пайдалану туралы жеке жұмыстар жүргізеді.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Педагог қорытынды жасайды. Әр баланың қасына барып өте жақсы салғандарын, салған суреттерін ормандағы кірпіге апарып көрсететінін айтып мадақтайды. Ең әдемі кірпіні таңдауды ұсынады.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: сурет

Ақпан айы. Өтпелі тақырып: «Бізді қоршаған әлем»

ҰОҚ тақырыбы:		Арба сүйреген есек	
ТОП:	Ересек		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	еңбекке деген көңіл-күйлерінің әсерін сурет салу арқылы беруді үйрету.		
Күтілетін нәтиже:	жол бойында кетіп бара жатқан арбаның суретін салуды; арбаның суретін салуды; үзік сызықтарды қосып, біркелкі бояуды.		
Тілдік мақсат:	арба. арба – телега, есек – ослик.		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ жауап		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	Ұйымдастыру кезеңі. Педагогбалалардышаттықшеңберінешақырыпбір-бірінеқарапөлеңшумақтарынқайталайды. Кел, балалар, күлейік,Күлкіменен түлейік.Күлкі көңіл ашады,Көңілдіболыпжүрейік. Ғажайып сәт:БалалардыкелгенқонақИааттыесекпентаныстырады.Олкөңілсіз. Иа өзінің арбасы болғанын,сол арбасы мен достарына жемістерді таситындығын айтты.Арбасы сынып қалғандығын айтып,көмек сұрады.Балаларға арбаның суретін салуды өтінді.		сурет үлгісі, арбаның суреті, түрлі түсті қарындаштар, бояулар, қылқалам, стақандағы су, сүрткіштер.
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Негізгі кезең. Педагог табиғат аясында жол бойымен келе жатқан арбаның суретін көрсетеді. Арбаның жалпы пішіні, дөңгелектері не үшін қажет екендігі жөнінде таныстырады. Педагог арбаның не үшін пайдаланылатындығы туралы, оның қай жерлерде көбірек қажет екендігі туралыәңгімежүргізеді. Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп,түсіндіру. Балаларға сурет үлгісін таратып береді. Дайын үлгідегі арбаны салады. Бояуға қылқаламды батырып алып,ұқыппен, сызықтан шығармай бояйды.		

	Сергіту сәті. Құлпыра берші кең дала,Гүліңді мен терейін. Жапырағыңмен жасарып,Қойныңа мен енейін. Балалар жұмысқа кіріседі.Педагог жеке жұмыс жүргізіп,көмектеседі.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Педагог қорытынды жасайды. Суреттерін тақтаға іліп, балаларға талдау жасатып, мадақтайды. Иа атты есек өте өзінің ризашылығын білдірді, енді оның арбасы бар.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: сурет

Наурыз айы. Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор»

ҰОҚ тақырыбы:		Өрнекті кілемше	
ТОП:	Ересек		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	өрнекті кілемшені қазақтың ою-өрнек элементтерімен ирек сызықтарды пайдаланып әшекейлей білуге үйрету.		
Күтілетін нәтиже:	қазақтың ұлттық ою-өрнектерін; «ирексу», «қой ізі» ою-өрнек элементтерін; қылқаламмен ирек сызықты түсіруді, біркелкі бояуды.		
Тілдік мақсат:	«қой ізі», «ирексу». өрнек – узор, «қойдың ізі – след барашка», «ирексу – волны на воде».		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ жауап		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	Ұйымдастыру кезеңі. Педагог балалардың назарын жайлау туралы бейнетаспаны тамашалуға аударады. Жайлау өмірі жайындат үсіндіріп, малдар жайлымы, олардың төлдері, иттердің үргені туралы әңгімелейді. Олардың қалай дыбыстайтынын, таудан ағып жатқан өзеннің шуылын тыңдатады. Жайлауда адамдар киіз үйде тұрады. Киіз үйді кілемдермен әсемдейді. Кілемдегі өрнектер әртүрлі геометриялық пішіндерден тұрады. Балалардан қандай ою-өрнектерді білетіндігін еске түсіреді.		сурет үлгісі, бояулар, қылқалам, стақандағы су, сүрткіштер. Қартоптан жасалған сұлба.
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Негізгі кезең. Педагог сурет үлгісін көрсетіп жұмыс жүргізеді. Педагог балаларға қазақтың ою-өрнектері бейнеленген сурет үлгісін пайдаланып, суретте не бейнеленгені жайлы әңгімелеп түсіндіреді. Бүгін осындай ою-өрнектер элементтерінің бірі «ирексу» және «қойізі» өрнектерін салып, үйренетіндерін айтады. Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп, түсіндіру. Педагог балаларға кілемшенің дайын суреті салынған сурет үлгілерін таратады. Белгілі бір түске боялған жолақшаға «қой ізі» мен «ирек су» өрнегін қалай салудың жолдарын түсіндіреді. Алдын ала «қой ізі» өрнектерін кілемнің төрт бұрышына оның бейнесін түсіруді өзі жасап көрсетеді. Қылқаламның ұшымен кілемнің		

	ортасына «ирек су»өрнегін қалай сызу керектігін түсіндіреді. Бұдан кейін балалар тапсырманы орындауға кіріседі. Сергіту сәті: Ал, балалар, тұрайық, Ою-өрнек сызайық. «Түйетабан», «ботакөз», «Қойізі» мен «қосмүйіз», «Бүршік» пен «гүл» әдемі, Ою-өрнекәлемі. Қылқаламды алайық, Сәнді өрнек салайық. Балалар жұмысқа кіріседі. Педагог қылқаламмен бояуды дұрыс пайдалануды еске түсіреді. Жеке жұмыстар жүргізіліп балаларға көмектеседі.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Педагог қорытынды шығарып, балалардың жұмыстарын бағалап, мадақтайды. Балалардың жасаған жұмыстарынан көрме ұйымдастыру.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: сурет

Наурыз айы. Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор»

ҰОҚ тақырыбы:		Анама арналған моншақ	
ТОП:	Ересек		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	дөңгелек заттардың суретін салу дағдыларын қалыптастыру.		
Күтілетін нәтиже:	моншақтың әртүрлі болатынын; дөңгелек пішіндерді сыза білуді; қылқаламмен шетіне шығармай бояуды.		
Тілдік мақсат:	моншақ. моншақ – бусы.		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ жауап		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	Ұйымдастыру кезеңі. Балаларды шаттық шеңберіне шақыру. Педагог Айсұлудың қонаққа келгендігін айтады. – Қуыршақ Айсұлудың көйлегі қандай әдемі. Шашы ұзын, аяқкиімі қандай әдемі. Айсұлу өзіне әдемі моншақ сатып алыпты, мереке қарсаңында анасына да осындай әдемі моншақ сыйлағысы келеді.		сурет үлгісі, бояулар, қылқалам, стақандағы су, қуыршақ, моншақ салынған сурет, сүрткіштер.
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Негізікезең. Педагогсуретүлгісінкөрсетіп,жұмыстаржүргізеді. Қуыршақ Айсұлу анасына моншақ таңдауда сендерден көмек сұрай келіпті.Педагог суреттерге қарап сұрақтар қояды. Сендер моншақтың не екенін білесіңдер ме?Оларқандай болады? Түстері,пішіндері қандай болады? Сендерге осы моншақұнай ма?Ендеше Айсұлуға анасына моншақ таңдауға көмектесейік. Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп,түсіндіру. Балаларға сурет үлгілерін таратып салынған дөңгелек сызықты «моншақтың жібі» деп түсіндіріп, оған әдемі моншақтарды тізуді ұсынады.Оң қолдарына қылқаламды ұстатып,ауада шеңбер салу		

	тәсілін орындатып жаттықтырады. Содан соң парақтарына қарындашпен біркелкі дөңгелектерді салып алады. Содан соң қылқаламды қызыл бояуға батырыпалып, сыртына шығармай бояйды. Сергіту сәті: Сыңғыр-сыңғыр моншақтар, Құлағында сырғалар, Оң қолында білезік, Сол қолында білезік. Саусақтарда сақина, Санап көрші, кәнеки. 1, 2, 3. 1, 2, 3, Демалайық жинап күш. Саусақ жаттығулары Педагог балаларға жіпке тағылған моншақтарды таратады. Саусақтарымен моншақтарды ұстап көреді. Балалар жұмысқа кіріседі. Сурет салмас бұрын дөңгелек моншақтарды ауада бейнелеу. Қылқаламмен бояуды дұрыс пайдалана білуді еске түсіру. Педагог жеке жұмыстар жүргізіп, балалардың жұмыстарын бақылап, көмектеседі.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Педагог қорытынды жасайды. Қуыршақ Айсұлуға балалардың салған суреттері ұнағандығын, анасына қалаған моншақтарды алатындығын айтып, қуанып, рақмет айтып қайтады.	

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: сурет

Наурыз айы. Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор»

ҰОҚ тақырыбы:		Табақты әшекейлеу	
ТОП:	Ересек		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	балаларды кеңістікте өрнекті үйлестіре білу дағдыларын қалыптастыру.		
Күтілетін нәтиже:	ою-өрнек элементтерінің атауын; тәрелкенің не үшін қажеттігін; қылқалам, мақталы таяқшамен жұмыс істеу дағдыларын.		
Тілдік мақсат:	табақ, тұмарша. табақ – тарелка.		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ жауап		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру у 5 минут	Ұйымдастыру кезеңі. Педагог балаларға суретші Қылқалам қонаққа келгендігін айтады. Суретші Қылқалам иллюстрациялық суреттерді көрсете отырып, балалардан қазақтың қандай ою-өрнектерін білетіндігін сұрайды. Ол өзімен дайын табактар әкеліп, оны ою-өрнектермен әшекейленгенін, ою-өрнектер табактың шетінде, ортасында орналасқанын, табакты не үшін пайдаланатынын айтып түсіндіреді. Педагог балаларға табактағы өрнектерді қарап шығуды ұсынады.		сурет үлгісі, табактардың түрлері, гуашь, қылқалам, бояулар.
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Негізгі кезең. Педагог сурет үлгісіне талдау жасайды. Дөңгелек, үш бұрыш пішіндердің табак ішінде қалай орналасқанына назарларын аударады. Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп, түсіндіру. Педагог балаларға осы табакты өрнектеп әшекейлеуді ұсынады. Табактағы өрнектерді салу жолдарын түсіндіреді. Алдынала дайындалып езілген гуашьтармен жасыл және көгілдір түсті, табактың шетіне солдан оңға қарай үшбұрышты өрнекті салғызады. Өрнектерді қылқаламмен немесе мақтаоралға таяқшамен. Бұл өрнектің «тұмарша» деп аталатынын түсіндіреді. Табактың ортаңғы бөлігіне өрнекті мақта оралған		

	таяқшамен бояуды басу арқылы салады.Сурет салуда алдымен ортасындағы үлкен дөңгелекті,соданкейін кіші дөңгелектерді салады.Түстерді ауыстырып пайдалануға бағыт беріледі. Сергіту сәті: Жалғыз саусақ тіпті де,Ұстай алмас жіпті де.Екісаусақ бірікті, Ине қолға ілікті.Үш саусағым орамды Жүгіртеді қаламды,Өнерлі екен он саусақ!Қаласалсақ,жолсалсақ. Балалар жұмысқа кіріседі. Қандай құралмен сурет салатынын өз еркімен таңдайды.Жұмыс уақытында педагог балаларға гуашьпен,мақталы таяқша,қылқаламмен,өрнектермен табақты безендіруде сурет салу ережесін еске түсіреді.Жеке жұмыстар жүргізеді,балалардың жұмыстарын бақылап,көмектеседі.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Педагог қорытынды жасайды. Суретші Қылқалам балалардың жетістігін атай отырып, бірлесе талдау жасайды. Суретші Қылқаламмен қоштасады.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: сурет

Наурыз айы. Өтпелі тақырып: «Салттар мен фольклор»

ҰОҚ тақырыбы:		Күн жарқырап, шөп өсті	
ТОП:	Ересек		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	көлденең сызықты сызу дағдыларын қалыптастыру.		
Күтілетін нәтиже:	көктем мезгілі басталғанын, күннің жылығанын; көктемде күн көзі жарқырап, шөп өсетінін; бояуға батырылған қылқаламмен сүйкей жағу арқылы шөпті салуды.		
Тілдік мақсат:	күн, шөп. күн – солнце, шөп – трава.		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ жауап		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	Ұйымдастыру кезеңі. Педагог балаларды ауа райын бақылау үшін терезенің алдына шақырады. Балалар терезенің алдына келіп, далада күннің жарқырап тұрғандығын, шөп өсе бастағанын көреді. Көктемде күннің жылитынын, құстардың келетінін, гүлдердің, шөптердің өсетінін айтады. Сұрақ-жауап арқылы көктем келіп, күн жарқырап тұрғанын, шөптердің өскенін анықтайды. Педагог балаларға иллюстрациялық суреттерді көрсетіп, көктемде табиғатта болатын ерекшеліктерді айтқызады. Балаларға сұрақтар қояды. Көктемде ауа райы қандай болады? Көктемде табиғатта қандай өзгерістер болады? Далада нені байқадыңдар? Көктемде күн жарқырап шығатынын, айналаның бәрі біртіндеп жап-жасыл түске енетінін, құстар келіп, жан-жануарлар ұйқысынан оянатынын айтып түсіндіреді.		сүрет үлгісі, қылқалам, гуашь, стақандағы су, сүрткіштер.
ҰОҚ-нің ортасы	Негізгі кезең. Педагог сурет үлгісін көрсетіп жұмыс жүргізеді.		

III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп, түсіндіру. Педагог балаларға арналған сурет үлгісін дененің жетпей тұрғанын сұрайды. Педагог шөпті салып, суретті толықтыруды ұсынады. Содан соң қылқаламды жасыл түсті гуашьқа батырып алып, оны төменнен жоғары қарай сүйкей жағу тәсілін көрсетеді. Шөптің ұшына қарай жіңішкере беретініне балалардың назарын аударады. Яғни, түп жағын салғанда қылқаламды батырыңқырып, ал шөптің басына қарай қылқаламның ұшымен ғана бояу жағу тәсілін орындап көрсетеді. Шөптерді көбірек салсаңдар суреттегідей аралар, көбелектер бізге қонаққа келеді деп қызықтырып қояды. Сергіту сәті: Біз кішкентай баламыз, Өсіп-өніп, толамыз. Күнге қарай талпынып, Көкке қолды созамыз. Балалар жұмысқа кіріседі. Сурет салмас бұрын бояуды жағуды ауада салып көрсетеді. Жұмыс уақытында педагог балаларға гуашьты қылқаламмен, шөптің суретін салуды еске түсіреді. Жеке жұмыстар жүргізеді, балалардың жұмыстарын бақылап, көмектеседі.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы . Рефлексия 3-минут	Педагог қорытынды жасайды. Балалардан ең әдемі салынған шөпті көрсетуді сұрайды. Кешке ата-аналарына көрсету үшін көрме жасап қоюды ұсынады.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: сурет

Сәуір айы. Өтпелі тақырып: «Біз еңбекқор баламыз»

ҰОҚ тақырыбы:		Бақбақтар	
ТОП:	Ересек		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	дәстүрден тыс сурет салу дағдыларын қалыптастыру.		
Күтілетін нәтиже:	көктемгі табиғат ерекшеліктерін; бақбақ гүлі туралы түсінікті; саусақпен кішкентай дөңгелектер салуды.		
Тілдік мақсат:	бақбақ. бақбақ – одуванчик.		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ жауап		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	Ұйымдастыру кезеңі. Педагог балаларды шаттық шеңберін жасау үшін ортаға шақырады. Бір-біріне жылы лебіздерін білдіреді. Педагог жұмбақ жасырады. Өзіне шап-шақ, Киген қалпағы аппақ. Балалар тұр қаптап. Ол не? (Бақбақ) Таза ауаға шыққанда бақбақ гүлін тергендерін естеріне түсіріп, әңгімелету. Көктем мезгілі туралы иллюстрациялық суреттерді көрсете отырып табиғаттағы өзгерістерді айтқызады, бақбақ гүлінің өзіндік ерекшеліктері жайлы түсіндіреді. -Қазір жылдың қай мезгілі? -Бақбақ гүлінің түсі, пішіні қандай? -Жапырақтың түсі қандай? Бақбақ жайлы өлең шумақтарын тыңдауды ұсынады. Аппақ, аппақ бақ-бақтар, Тура киіз ақ үйлер. Төнеді кеп жан-жақтан, Тамашалап сәбилер.		сурет үлгісі және сары түсті гуашь, сулы сүрткіштер, бақбақ суреттері.

ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Негізгі кезең Педагог сурет үлгісін көрсетіп жұмыс жүргізеді. Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп, түсіндіру. Сурет үлгісі бейнеленген көрініс бойынша әңгіме жүргізіледі. Суретке толық талдау жасалады. Балалардың бақ бақ гүлі туралы түсініктерін кеңейтіледі. Балаларға практикалық жұмыс орындауға арналған үлестірмелі материал таратылып беріледі. Педагог суретте көктем мезгіліндегі бақбақтың сабағы, жапырақтары салынып қойғанын көрсетіп, бақ бақтың тек гүлдерін саусақты басу әдісі арқылы салуды ұсынады. Сергіту сәті Орнымыздан тұрайық Алақанды ұрайық. Бір отырып, бір тұрып, Біз бір демалайық. Балалар жұмысқа кіріседі. Педагог жеке жұмыстар жүргізі балалардың жұмыстарын бақылап, қиналғандарына көмектеседі.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Педагог қорытынды жасайды, балаларды мадақтайды. «Әдемі гүлдер» ойынын ойнауды ұсынады.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі:

Сәуір айы. Өтпелі тақырып: «Біз еңбекқор баламыз»

ҰОҚ тақырыбы:		Мерекелік бәліш	
ТОП:	Ересек		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	екі бөліктен тұратын заттардың суретін салу дағдыларын қалыптастыру.		
Күтілетін нәтиже:	мерекелік бәліш салуды; бәліштің дәмді тағамдардың бірі екенін; сурет салудың техникалық дағдыларын, бояумен сурет салуды.		
Тілдік мақсат:	мерекелік бәліш. тәтті – сладкий.		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ жауап		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II.Ұйымдастыру 5 минут	Ұйымдастыру кезеңі. Педагог балаларды мерекелік көңіл күйге шақырды. Бір-бірімізге қуаныш, күлкі сыйлайық. Бір-бірімізге жақсылық, денсаулық тілейік. Жұмбақ Күрең қызыл түсі бар, Тағамдардың дәмдісі. Аналар оны пісіреді, Балалар жақсы көреді. (Бәліш) Бәліштің иллюстрациялық суреттерін көрсетеді. Бәліштің тәтті әрі дәмді болатындығы жайлы әңгімелейді. Бәліштің бірнеше түрлерімен таныстырады.		сурет үлгісі, қарындаштар, қылқалам, гуашь стақандағы су, сүрткіштер.
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Негізгі кезең. Педагог сурет үлгісін көрсетеді.Ол суреттене бейнеленген?Тәтті бәліштер сендерге ұнай ма? Аналарың қандай бәліштер пісіреді? Бүгінгі оқу қызметінде мерекелік бәліштің суретін саламыз. Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп,түсіндіру. Бәліштің суретін салу тәртібін түсіндіреді.Солдан оңға қарай қарындаш қозғалысымен бәліштің бейнесін саламыз. Қылқаламды бояуға салып, сүйкей жағу әдісі арқылы бәлішті бояймыз. Сергіту сәті. Нан қиқымын шашпаңдар,Жерде жатса баспаңдар.		

	Теріп алып, қастерлеп, Торғайларға тастаңдар. Балалар жұмысқа кіріседі. Педагог бояумен жұмыс істеуде қылқаламды дұрыс пайдалануды еске түсіреді. Жеке жұмыстар жүргізіп, балалардың жұмыстарын бақылап көмектеседі.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Педагог қорытынды жасайды. Балаларды мадақтайды. Ата-аналарға арналған «Мерекелік бәліштер» көрмесін ұйымдастыру.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы
Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: сурет
Сәуір айы. Өтпелі тақырып: «Біз еңбекқор баламыз»

ҰОҚ тақырыбы:		Кірпіге арналған сый	
ТОП:	Ересек		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	дөңгелек және сопақ заттардың суретін салу дағдыларын қалыптастыру.		
Күтілетін нәтиже:	кірпінің немен қоректенетінін; алмалар мен саңырауқұлақтардан әшекей жасауды; қылқаламмен жұмыс істеуді.		
Тілдік мақсат:	сый. саңырауқұлақ – гриб, алма – яблоко.		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ жауап		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	Ұйымдастыру кезеңі Педагогбалаларғаойыншықкірпінікөрсетеді. -Бүгін балабақшаға келе жатып,жолда кірпіні көрдім.Ол өзінің достарынан адасып қалғанекен. Балалар кірпімен сәлемдеседі. Сәлеметсіңбе, кірпі! Балалар,кірпіге достарын табуға көмектесейік.		сурет үлгісі, қылқалам, бояулар, стақандағы су, сүрткіштер, ойыншық кірпі.
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Негізгі кезең Педагог балалармен достарынан адасып қалған кірпі жайлы әңгімелеседі. Кірпі қандай жануар? Кірпіге тікенек не үшін қажет? Кірпінің көңілін көтеру үшін сый ретінде алмалар мен саңырауқұлақ тарданә шекей жасап берейік. Қолымыздан келеме, балалар? Жұмыстың орындалу тәртібін көрсетіп,түсіндіру. Педагог балаларға кірпіге арналған сый салынған сурет үлгілерін таратып береді.Алмалар мен саңырау құлақтардан әшекей жасап беру үшін қолдарына қылқалам ұшымен бояуды сызықтан шығармай,әдемілеп		

	бояу жолдарын түсіндіреді.Алмалармен саңырауқұлақтардың түсі анық әдемі болу үшін,қылқаламды сумен жуып,сүртіп отыруды үйретеді. Сергіту сәті: Алма баққа барайық, Алма жинап алайық. Ең үлкенін дәмдісін, Анамызғасыйлайық. Балалар жұмысқа кіріседі. Қылқаламмен бояуды дұрыс пайдалана білуді еске түсіру, саңырауқұлақ пен алманы жіптің ұзындығына орналастыра бояу. Жеке жұмыстар жүргізіп, балалардың еңбегін бақылап көмектесу.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Педагог қорытынды жасайды. Кірпі салынған суреттерді көріп, балаларға суреттер әдемі екенін айтады. Достарына апарып беретінін айтып қоштасады.	

Тексерілді:

 Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: сурет

Сәуір айы. Өтпелі тақырып: «Біз еңбекқор баламыз»

ҰОҚ тақырыбы:		Достардың сүйікті ойыншықтары	
ТОП:	Ересек		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	балалардың ойыншықтар жайлы түсініктерін кеңейту, өз бетінше бейнелердің суретін салу дағдыларын нығайту.		
Күтілетін нәтиже:	ойыншықтар не үшін қажет екендігін; ойыншықтар туралы түсініктерін тереңдетеді; сүйікті ойыншықтарының суретін салуды.		
Тілдік мақсат:	ойыншықтар, қуыршақтар, мұнаралар. ойыншық – игрушка, қуыршақ – кукла.		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ жауап		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	Ұйымдастыру кезеңі. Педагог балаларды ойын бұрышына отырғызып, Е.Өтетілеуұлының «Ойыншықтар» өлеңін оқып береді. Жүрмейсің бе абайлап, Болмасаңшы ұрыншақ. Асыр салып, көп ойнап, Ақсап қапсың, құлыншақ. Тиіспе, күшік, қоянға, Тентектікті қойыңдар! Араздық жоқ араңда, Тату-тәтті болыңдар! Өлең шумақтары не жайында айтылған? Өлең шумақтарындағы ойыншықтарды атау. Педагог ойын бұрышындағы өзінің сүйікті ойыншығын атап, не үшін жақсы көретінін айтқызу суретін салуды ұсынады.		ойыншық түрлері, қарындаштар.
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс	Негізгікезең Әңгіме.Балалар өздерінің жақсы көретін ойыншықтары жайлы әңгімелеп айтады. балаларға сұрақтар қояды.Сенің сүйікті ойыншығың?		

17 минут	Ол ойыншық саған не үшін ұнайды? Ойыншықтарыңды достарыңа бересің бе?Қандай ойыншықтардың түрлерін білесің? Сөздік жұмыс:жаңа ойыншық таратауларын қайталап айтады. Сергіті сәті. Айгөлек-ау,айгөлек,Айдың жүзі дөңгелек. Айдай толған кезімде, Бибилеймін дөңгелеп. Балалар аталған ойыншықтардың өздері қалаған біреуінің суретін салып бояйды.Педагог қарандашты үш саусақпен дұрыс ұстауды, әдемілеп бояуды, сызықтан шығармай,ұқыпты бояуды еске түсіреді, жеке жұмыстар жүргізеді.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Педагог қорытынды жасайды. Дайын болған жұмыстарға талдау жасата отырып, балалардан өздерінің сүйікті ойыншықтарын қалай салғаны жайлы сұрайды. «Ғажайып дорба» ойынын ойнатып қорытындылайды.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: сурет

Мамыр айы. Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін»

ҰОҚ тақырыбы:		Алжапқышты әшекейлейміз	
ТОП:	Ересек		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	ою элементтерінің суретін салу дағдыларын кеңейту.		
Күтілетін нәтиже:	алжапқыштың не үшін қажет екендігін, оның түрлерін; достарға қашанда көмектесу қажеттігін; қылқаламды, сұқ саусақтарын пайдаланып алжапқышқа өрнек салуды.		
Тілдік мақсат:	алжапқыш. алжапқыш – фартук.		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ жауап		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II.Ұйымдастыру 5 минут	Ұйымдастыру кезеңі. Педагог балаларға қуыршақ Айсұлудың қонаққа келгендігін айтады. Қуыршақ Айсұлу өзінің анасының туған күніне алжапқыш сатып алған екен. Балалар қуыршақ Айсұлумен сәлемдеседі. Алжапқышты әдемі ою-өрнектермен әшекейлегісі келеді, бірақ қалай әшекейлейтінін білмейді. Балалар, біз Айсұлуға көмек көрсете аламыз ба?		сурет үлгісі, қылқалам, бояулар, сүрткіштер, стақандағы су, қылқалам.
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Негізгі кезең Педагог сурет үлгісін көрсетіп,алжапқышты не үшін пайдаланатыны,ою-өрнектердің түстері, өрнектері,әдеміліктері жайында түсіндіреді. Сөздік жұмысын жүргізеді. Алжапқыш сендерге таныс па? Алжапқышты аналарың қай уақытта киеді?Алжапқыш қандай пішінге ұқсайды? Ендеше қуыршақАйсұлуға алжапқышты әшекейлеуге көмектесейік. Жұмыстың орындалу тәртібін көрсетіп,түсіндіру. Айсұлуға алжапқышты әшекейлеп беру үшін қылқаламды,сұқсаусақтарын пайдаланып,дөңгелектеп салуға болатындығын түсіндіреді. Сергіту сәті:Көбелекке ұқсап, Ұшайықшы бәріміз.Оңға қарай бірұшып, Солға қарай бір ұшып,Айналайық жершарын.		

	Балалар жұмысқа кіріседі.Педагог балаларға қылқаламды үш саусақпен қалайұстауды және суретті бояу әдісін еске түсіреді. Жеке жұмыстар жүргізіп, көмектеседі.Балалар саусақпен салса қолдарын сабындап жууды ескерту.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Педагог қорытынды жасайды. Қуыршақ Айсулу балалар әшекейлеген алжапқыштардың ұнайтынын, рақметін айтып қайтады. Педагог «Сезіп көр де, суретін сал» ойынын ойнатып, сабақты қорытындылайды.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: сурет

Мамыр айы. Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін»

ҰОҚ тақырыбы:		Мерекелік отшашу	
ТОП:	Ересек		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	мереке және меркелік отшашу жайындағы түсініктерін кеңейту, қиын емес сюжетті суретті салу дағдыларын қалыптастыру.		
Күтілетін нәтиже:	мерекеде аспанда отшашулар шашылатынын; отшашуды тек аспанға ату керектігін; фломастермен әдемі етіп түрлі түсті сурет салады. салуды.м		
Тілдік мақсат:	отшашу. отшашу – салют.		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім			
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру у 5 минут	Ұйымдастыру кезеңі. Педагог балаларға жеңіс күні туралы қысқаша баяндап береді. Отшашу мерекенің нағыз сыйы екендігін түсіндіреді. Отшашудың жарқыраған түрлері жайлы да өз ойларын айтады. Егер мерекедегі осы сәт ұнаса, отшашудың суретін салуды ұсынады.		сурет үлгісі, фломастерлер, мерекелік отшашу суреттері.
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Негізгі кезең. Педагог суреттің үлгісін көрсетіп жұмыстар жүргізеді.Суретте не бейнеленген? Сурет қандай көңіл-күйді білдіреді? Суреттегі үйлер біздің қаламыздағы үйге ұқсайды. Біздің сүйікті қаламызға мерекелік сыйлық ашық фломастерлермен отшашудың суретін саламыз. Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп,түсіндіру. Алдарыңдағы сурет үлгісін де өзіміз тұратын қаланың суреті берілген,жақында жеңіс күнін тойлаймыз.Сонда өте әдемі,жарқыраған отшашуларатылады. Түрлітүсті		

	фломастерлерді пайдаланып үзік сызықтарды бірінің үстіне бірін кезекпен сызу арқылы отшашу бейнесін салып көрейік. Балаларға фломастерді қалай дұрыс ұстау керектігі туралы ескертеді. Педагог отшашудың сәулелері әдемі болу үшін бояудың түстерін дұрыс таңдауға және оны үйлестіре сызуға мәнбереді. Отшашу түрлі түсті жарыққа бөленуі үшін қызыл, сары, жасыл, көк түстерді пайдалану қажеттігін айтады. Сергіту сәті. Саусақтармен жаттығулар. Қуырмаш (ойын-өлең) Қуыр-қуыр, қуырмаш, Тауықтарға бидай шаш. Басбармақ, Балаң үйрек. Ортантерек, Шылдыр шүмек, Кішкентай бөбек. Халық ауыз әдебиеті. Балалар жұмысқа кіріседі. Педагог сурет үлгісіндегі отшашудың бейнесін салуда фломастердің қалай ұстау керектігін еске түсіреді. Жеке жұмыстар жүргізіледі.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Педагог қорытынды жасайды. Бүгін мерекелік отшашуымызды барлығымыз тамаша, әдемі салғандықтан, сендерге қуыршақ Айсана өзінің сүйікті әдемі қызыл шарын беріп жіберіпті. Осы қызыл шарды аспанға ұшыру үшін бәріміз терең демалып, демімізді шығарып қалықтатайық.	

Тексерілді:  Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: сурет

Мамыр айы. Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін»

ҰОҚ тақырыбы:		Балапандар көк шалғында	
ТОП:	Ересек		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	қарапайым сюжеттердің суреттерін салу дағдыларын кеңейту.		
Күтілетін нәтиже:	үй құстарының, олардың балапандарының атауларын атай білуді; үй құстарының, балапандардың қалай қоректенетінін, олардың пайдасын; сұқ саусақпен, фломастермен сурет салуды.		
Тілдік мақсат:	балапандар. балапан – цыплёнок, шөп – трава.		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ жауап		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру 5 минут	Ұйымдастыру кезеңі. Педагог балаларды ортаға шаттық шеңберіне шақырады. Сары түсті балапан, Өзін сондай ұнатам. Қанаттарын қағады. Қауырсынын тарады. Шашсам болды бидайды, Жылдам жинап алады. Балаларға көк шалғында жүрген балапандардың иллюстрациялық суреттерін тамашалау. Педагог балаларға тауық өзінің балапандарымен қоңыздардың артынан қуып жүргені туралы әңгімені қысқаша баяндап береді. - Тауықтың жанында не жүреді? - Балапанқандайболады? - Балапан қандай дыбыс шығарады? - Көкшалғындегенімізне? - Көкшалғын–суыбар,шөбібаржайылым.		сурет үлгісі, фломастерлер, бояулар, сулы сүрткіштер.
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Негізгі кезең Ендеше, біз бүгін көк шалғында жайылып жүрген балапандардың суретін салайық. Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп түсіндіру. Балаларға сурет үлгісін таратады. Көк шалғындағы балапандардың суретін саусақпен салуды		

	ұсынады. Саусақты бояуға батырып, дөңгелек сызу арқылы балапанның бейнесін салады. Сары түсті бояумен сызықтың сыртына шығармай бояйды. Тұмсықтарын үшбұрыштап сызады, аяқтарын, көзін фломастермен салады. Сергіту сәті: Табиғатты тамаша, Көз тоймайды қараса. Табиғатты аялап, Жүрейікші жараса. Балалар жұмысқа кіріседі. Педагог сурет салуда қиналған балаларға көмектеседі.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Педагог қорытынды жасап, балаларды ынталандырады.	

Тексерілді:

 Емышева Н.С

Мектепке дейінгі ұйым кестесі бойынша ұйымдастырылған оқу қызмет циклограммасы

Білім беру саласы: «Шығармашылық» Оқу қызмет түрі: сурет

Мамыр айы. Өтпелі тақырып: «Әрқашан күн сөнбесін»

ҰОҚ тақырыбы:		Сүлгіні әшекейлейміз	
ТОП:	Ересек		Қатысқан балалар саны:
ҰОҚ-нің мақсаты:	геометриялық пішіндерден өрнектер салуды үйрету.		
Күтілетін нәтиже:	сүлгінің тазалық үшін маңызын; маңайындағы адамдарға, достарға көмек көрсету қажеттігін; қылқаламды пайдаланып сүлгіні әшекейлей білуді.		
Тілдік мақсат:	сүлгі. сүлгі – полотенце.		
Өткен ҰОҚ-нен алған білім	Сұрақ жауап		
ҰОҚ өтілу барысы			
Жоспарланған уақыт	Жоспарланған іс-әрекет		Ресурстар
I. Дұрыс әсерлі көңіл күй орнату 0-2 минут II. Ұйымдастыру у 5 минут	Ұйымдастыру кезеңі. Педагог бүгін қонаққа қуыршақ Айсұлу келгендігін айтады. Қуыршақ Айсұлу жақында әжесінің туған күні екенін, әжесіне сүлгі сыйлағысы келетінін, сол сүлгіні әшекейлеуге балалардың көмектесулерін сұрайды.		сурет үлгісі, бояулар, қылқалам, стақандағы су, сүрткіштер, әртүрлі сүлгінің суреттері.
ҰОҚ-нің ортасы III. Тақырып бойынша жұмыс 17 минут	Негізгі кезең Балаларға сүлгінің түрлері туралы суреттерді тамашалату. Сүлгі не үшін қажет?– Сүлгіні қалай пайдаланамыз? Педагог балаларға әркімнің өзінің сүлгісі болу керектігі жайлы ескертеді. Сүлгіні төртбұрышты, үшбұрышты өрнектермен өрнектеуге болатынын түсіндіреді Жұмыстың орындалу тәсілін көрсетіп, түсіндіру. Педагог сурет үлгісін көрсетіп жұмыс жүргізеді. Берілген дайын тік төртбұрышты пішіннің (сүлгі) екі шетіне		

	өздері қалаған түстерді пайдаланып, төртбұрышты өрнектерді қылқалам көмегімен салу тәсілін түсіндіреді. Сүлгінің дәл ортасына үшбұрышты өрнектерді қылқалам көмегімен салу тәсілін түсіндіреді. Сүлгінің шетіне шашақтарды түзу сызықтармен жүргізуді, сызықтарды қалай сызу керектігін, қысқа әрі бірдей болуын қадағалайды. Сергіту сәті: Ақ матадай түгі бар, Қызыл-жасылгүлібар. Жұмсақтығы мамықтай, Сүртінесіңжалықпай. Тазалықтың досы –Сүлгідегеносы. Балалар жұмысқа кіріседі. Суретсалмас бұрын үшбұрышты, төртбұрышты ауадабейнелеу. Балалар геометриялық пішіндерді саусақпен бейнелейді. Педагог жеке жұмыстар жүргізіп, көмектеседі.	
IV. ҰОҚ-нің қорытындысы. Рефлексия 3-минут	Педагог қорытынды жасайды. Қуыршақ Айсұлу балалардың әдемі сүлгі салғандарына тоқталып, өздерінен қандай өрнек пайдаланғандарын сұрайды. Сүлгіні әжесіне сыйлап, қуантатынын айтып, балаларға алғыс білдіреді.	

Тексерілді:

 Емышева Н.С